

Әкімнің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 4 "Таран ауылдық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Әйет ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 қазандағы № 11 шешімі

Әйет ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әкімнің "Таран ауылдық округі елді мекендерінің құрамдық бөліктеріне атаулар беру туралы" 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 4 шешіміне, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-96 болып тіркелген, мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбында, кіріспесінде және барлық мәтін бойынша "Таран ауылдық округі", "Таран ауылдық округінің" сөз тіркестері "Әйет ауылдық округі", "Әйет ауылдық округінің" деп ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1, 2, 3, 4-қосымшаларының жоғары оң жақ бұрышында "Таран ауылдық округі" сөз тіркесі "Әйет ауылдық округі" деп ауыстырылсын.

2. "Әйет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әйет ауылдық округінің әкімі

А. Б. Бердалинов